

НҰРА

№35 (5066)
СЕНБІ,
30 тамыз
2008 жыл

Газеті 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні!
августа - День Конституции Республики Казахстан!

Құрметті аудан тұрғындары!

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен Қазақстан Республикасының халқы, тәуелсіз, құқықтық, демократиялық мемлекет құрып, әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуда.

Адамзат тарихында қалыптасқан демократиялық құндылықтарға деген біздердің ынта-жігеріміз еліміздің Конституциясында бекітілген. Ол Мемлекет басшысының тікелей басшылығымен жасалып, 1995 жылы 30-шы тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған болатын. Сондықтан да бұл күн Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі болып табылады. Ал еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы тамаша жетістіктері біздің негізгі Заңымыздың қуаттылығын, оның әлеуметтілігін көрсетеді.

Дегенмен, уақыт қоғам алдына жаңа міндеттер жүктеп келеді. Сол себепті Президенттің өзі уақыт талабына сай және саяси реформаларды іске асырып, демократиялық үрдістерді тереңдету мақсатында Конституцияға өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер мен қосымшалар елімізді саяси жаңғырту, уақыт талабына сай президенттік басқару формасынан президенттік-парламенттік басқаруға кешудің басы болды.

Конституциялық реформалардың басталуына өткен жылы болған парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы дәлел болды. Онда ел Президентінің партиясы – «Нұр Отан» партиясы сөзсіз жеңіске жетті. Осылайша бүкіл қазақстандықтар тәртізді біздің аудан тұрғындары да мемлекет басшысына толық сеніп, оның жүргізіп отырған стратегиялық бағыттағы реформаларын толық қолдайтындығын тағы бір рет көрсетті.

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге және сіздердің туыстарыңызға береке, еліміздің гүлденуіне табысты еңбек етулеріңізге тілек білдіреміз.

Нұра ауданының әкімі

С.Ж.Шайдаров.

Мәслихат хатшысы

Е.Ж.Тұранов.

Құрметті аудан тұрғындары!

Біз көп жылдардан бері қыркүйектің бірінде шынында бүкілхалықтық мереке – Білім күнін атап өтудеміз. Бұл дегеніңіз мектеп табалдырығын бірінші рет атап отырған немесе оқып жатқан балаларға ізгі сәт-сапар тілеп, ал педагогтарға жемісті еңбек етуіне тілек білдіретін жақсы дәстүр. Сондықтан да білім саласы біздің қоғамымызда маңызды орын алады.

Президентіміз Н.Назарбаевтың басшылығымен жарқын болашаққа сенімді қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуында білім, білікті мамандар даярлау үлкен роль атқарады. Мемлекет басшысының тұрақты қамқорлығының арқасында уақыт талабына және экономикалық сұраныстар мен қоғамды жаңғырту талабына сәйкес келетін тиімді білім беру жүйесі қалыптасқан.

Біздің ауданның оқушылары түрлі облыстық және республикалық конкурстарда жоғары табыстарға жетіп келеді. Әрине, оқушыларға сапалы білім беру, мектептердегі педагогикалық ұжымдардың ерен еңбегінің арқасында ғана жүзеге асады. Сондықтан да оларға үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Шын жүректен педагогтарды, оқушыларды және олардың ата-аналарын Білім күнімен, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, бақыт және береке тілейміз!

Нұра ауданының әкімі

С.Ж.Шайдаров.

Мәслихат хатшысы

Е.Ж.Тұранов.

Құрметті аудан тұрғындары!

Қымбатты кеншілер!

Дәстүр бойынша біз тамыз айының соңғы жексенбісінде тамаша кәсіби мерекелерінің бірі – Шахтер күнін атап етеміз.

Сіздердің кәсіби мерекелеріңіз күні аудан тұрғындарының бойын шахтер кәсібінің өкілдеріне деген мақтан мен асқақ сезім билейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің биылғы ақпан айындағы Қазақстан халқына Жолдауында экономикамыздың дамуы және оны басқарудың тұрақты түрде артып отырғанын айта келіп, былай деп атап көрсетті: «Біз халықаралық нарықтардың талаптары мен жағдайларына жауап беретіндей Қазақстанды индустриаландыруға түбегейлі жаңа көзқарасты қалыптастыруға тиіспіз».

Жергілікті бай табиғи ресурстарды қарқынды игеру және пайдалану көмір өндіруді интенсивді дамытуды қамтамасыз етті. Экономикалық өсу қарқынын арттыра отырып, аймақтың көмір өнеркәсібі кеншілердің жанқиярлық еңбегі, шахтерлердің даңқты дәстүрлерінің экономикасының жалпы келеміндегі үлесі қомақты.

Бүгінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына «Шұбаркөл көмір» АҚ ұжымы үлес қосуда.

Құрметті достар! Сіздерді мерейтойлық Шахтер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге және жақын-жуықтарыңызға мықты денсаулық, бақыт және өркендеу, жаңа еңбек жетістіктерін тілейміз.

Нұра ауданының әкімі

С.Ж.Шайдаров

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Е.Ж.Тұранов

«Нұр Отан» - моя партия

Обретя год назад на выборах в Мажилисе статус партии парламентского большинства, партии власти, «Нұр Отан» одновременно взял на себя и огромную ответственность за решение проблем, которые беспокоят избирателей и, которые люди ставили в ходе предвыборной кампании. На местах идет работа по выполнению Программы партии. Я, как нуротановец, могу сказать открыто: это сильная партия, но при всем при том, какой бы крепкой она не была, ей нелегко будет добрые слова поддержки.

У каждого из нас был свой путь в «Нұр Отан». Мои однопартийцы, коллеги по деятельности в Маслихате вступили в нее по разным причинам, но больше всего потому, что пришло настоящее убеждение, что «Нұр Отан» - это реальная сила и все перемены, преобразующие Казахстан - дело рук нуротановцев. Именно по этой причине стал членом партии и я. Партия Президента это моя партия - она живет простыми заботами страны. Благодаря активному участию нуротановцев преобразуются села, решаются вопросы водоснабжения, ремонтируются дороги, возводятся школы, больницы и детские сады.

Главное богатство любого государ-

ства - его люди, их жизнь, забота и чаяния, горести и радости. Нигде не встретите таких добрых, гостеприимных, приветливых людей, как у нас. Поэтому с гордостью могу сказать: «Казахстан - богатейшая республика!» Живя в мире и дружбе, в республике трудятся казахи и русские, татары и немцы, украинцы и корейцы и многие другие национальности. За последние десятилетия эта земля стала родной для всех.

«Нұр Отан» - партия Президента Казахстана и его политическая опора. Для этого каждый из нас должен сделать все, чтобы добиваться исполнения нашей мечты - достижения могущества Казахстана на мировой арене.

«Нұр Отан» это моя партия и я предлагаю объединиться вокруг идеи улучшения качества жизни на основе динамичного экономического развития, призываю укрепить единство и согласие в стране.

Мы, члены партии «Нұр Отан» осознаем всю полноту ответственности, которую берем на себя.

Г.ПРОКОП,
руководитель депутатской
фракции районного Маслихата

Нұра ауданының 80 жылдығына

Нұрлана түс, нұрлы да сырлы Нұра!

Әр төбесі - тарих,
Әр адамы - шежіре.
Осы болар жерұйық,
Түспеген Асан көзіне.

80 жылдық мерейтой қарсаңында мен де бір шаттанайын, ой толғайын, о, Туған жер!

Менің туып, есейіп-бойжеткен, өсіп-өнген, еңбек рахатына бөленген, бүгінде сол еңбектің зейнетін көріп, 70 жылдан астам табан аудармай тұрып жатқан құтты мекен - жерұйығым - нұрлы Нұра.

Сен бәрінен де нұрлысың, Атамекен! Нұр-жарық сәуле, Нұр - бет бейне. Нұр - жаңбыр. Ал жаңбыр - байлық. Жаңбыр жауып өткеннен кейін дүние жуылып ашылғандай, мөлдір тұнжырап әсемдене, нұрлана түседі емес пе?! Ендеше, нұр - әсемдік, көркемдік.

Менің әсем де көркем туған жерім - басын Ханқашты тауының оңтүстік-батыс сілемінен алатын Нұра өзенінің атауымен аталады. «Өзен жағалағанның өзегі талмас», - дейді халық даналығы. Олай болса, ауданымыздың үлкен езен бойында орналасуында сыр бар тәрізді. Өзен - өмір.

Сен менің өмірімсің, кең Далам! Аудан жері - ұсақ шоқылы, батысына қарай жазық келген ұлан байтақ шұрайлы қоныс. Ырысты, берекелі өлке. Астықты алқап.

С.Сейфуллиннің «Сағынып, Нұра, мен келдім» деп басталатын өлеңінде мынандай тамаша суреттеме бар: Жазғытұры болғанда, Ұжмақтай гүлші жайнаған. Бұтаңа құстар қонғанда, Мың құбылып сайраған. Ұжмақ иісті сайларға, Желілеп бие байласып, Кедейлер де, байлар да

Рахатпен жайласып.

Осы өлең жолдарынан лирик - ақынның асқақ үнін, жылы лебін сезінгендей боласың. «Туған жері - түп қазығы, айбыны» (М.Шаханов) жайында толғанып, тебіренбейтін адам жоқ. Туған жердің жан тебірентер құдыретін әркім өзінше сезінеді, өзінше бағалайды.

Сен менің ардағымсың, о Туған жер!

Көрген жанды өзіңе ғашық етіп, жасай бер, жаса, даласы - дархан, тарихы дастан, О Туған ел!

Нұра ауданында бірнеше ұлт өкілдері татутәтті өмір сүруде. Ұлтаралық түсіністік, тұрақтылық, жомарт жарастық, берекелі бірлікке не жетсін.

О, Туған ел!
Достықтың дастарқаны,
Достық керек... кім одан бас тартады?..
Осылай бол!
Осы өмір, осы пейілің,
Досыңды, дұшпаныңдағы жасқантады.
Осылай бол, достықтың асқар тауы.
М.Мақатаев.

Әр елдің, әр жердің өзіндік тарихы болатыны белгілі. Тарих - өткеннің екіншісін де, мақтанысын да бойына сіңірген ұлы мектеп десек, 80 жылдық тарихы бар Нұра өңірі де - өткендегі «қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат» (М.Мақатаев) өмірдің талай сырына бай өлке. Өлкенің шежіресіне құлақ түрсек, бізге айтары көп екен.

Жерін, елін қорғап, қолдарынан найзасы мен қылышы түспеген Тілен, Көбек, Нияз, Серкебай т.с.с. батырлар аруағын қастерлеуді айтатындай. Дау шешіп, билік айтқанда, тек қана әділеттік пен имандылық жолын ұстап, аттары аңызға айналған би-болыстар, кеменгер азаматтардың Нұра өңірінде де бар болғанын әңгімелейтіндей Лау мырзаның халқына жасаған жақсылығын алға

тартатындай.

Қалың жасағын бастап, Ақмоладан бері етіп, Ақтау, Ортау асып бара жатқанда, Кенесары хан бұрылып, Лау мырзаға сәлем берген екен. Тәуке ханның жаз жайлауын, қыс қыстауын осы аймақтан таңдап алуының тегін емес екендігін баяндайтындай. С.Сейфуллиннің Нұра ауданының Ахмет ауылында ұстаздық еткенін, өмірінің «тар жол, тайғақ кешу» кезеңінде де Нұраға келіп-кетіп жүргенін айғайтайтындай.

Тарихи дамудың әр кезеңінде сол уақыттың талап, мақсатына лайықты, ата-баба істеріне адал, халқына қалтқысыз қызмет еткен, қызмет етіп жүрген Нұралық азаматтардың аты-жөнін көрсетіп, олардың үлгілі өмір жолы жайында баяндау - өз алдына бір әңгіме.

Нұра ауданының құрылған алғашқы жылдарында еліміздің барлық басқа жерлеріндегідей нұралықтар да талай-талай зобалаң, қиын-қыстау кездерді бастарынан өткізді: ірі байлардың мал-мүлкін жаппай тәркілеу, колхоздестыру, аштық, сталиндік соғын-сүрін, Ұлы Отан соғысының зардаптары, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру кезеңінің қиыншылықтары...

Елдің елдігін сақтап, қиыншылыққа мойымай, қажырлы еңбек етіп, еділдік үшін күрескен нұралық қоғам қайраткерлерінің, ғалымдарының, ақын-жазушыларының, Еңбек Ерлерінің, Батырларының есімдері ерқашанда ел есінде. Олардың тағылымды тағдырлары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Есімдері ел есінде сақталатын абзал адамдардың бірі - ұстаздар. Ұстаз туралы толғану - қиынның қиыны шығар, сіре... Өліпті таяқ деп білгізген, өмір деп аталатын таңғажайып өлемге жол сілтеген қарапайым жандардың аялы алақаны, жүрек жылыуы парасатты азаматқа ұмытылмас сырлы мезет. Қайтып келмес мектеп өмірін әлі күнге сағынышпен еске аламын. Сонау 1944-45 оқу жылында қазіргі Киевқа

№1 орта мектебінің бірінші сыныпқа барғаным есімде. Ол кезде кластар пешпен бөлінетін. Бір пеш екі класты жылытады. Жағылатын отын-қамыс. Оқулықтар, оқу құралдары жетіспейтін. Киім-кешек, тамақ та тапшы. Сондай жағдайға қарамастан, оқушылар білім алуға деген құштарлығымен, ата-аналарының, мұғалімдердің сөздерін екі етпей орындауымен, үлкендерді сыйлауымен, кішіге қамқорлық, әлсіздерге көмектесуімен және сол сияқты басқа да адамгершілік қасиеттерімен ерекшеленетін.

Мен бүгінгі күнде өзімді оқытып, тәрбиелеген ұстаздарымды ерекше құрметпен еске алып отырамын. Олар: Ә.Ө.Әкімбаева, Ж.И. Иманова, Г.Ф.Кениг, Т.С. Бомбакова, Т.Б. Балабеков, А.И.Иманов, Р.Х.Қадырова, К.А.Ынтықбаев, Е.Б.Балабиев және т.б.

Менің ұстаздарым өз істеріне адал, білікті де іскер, жасандылықтан аулақ, нағыз педагогтар еді!

Ауданымыздың өсіп-өркендеуіне ол кісілердің қосқан үлестері ерекше деп есептеймін. 80 жылдық мерейтой қарсаңында өзімнің көзі тірі ұстаздарымды осы қуанышты мерекеміз құттықтап, дендеріне саулық, өмірлері ұзақ болсын деп тілек білдіргім келеді.

Аға-ұрпақ - ұстаздардың істерін алға апарушы бүгінгі мұғалімдерге нәтижелі еңбек, шығармашылық табыстар, тілеймін.

Құрметті нұралықтар! 80 жылдық мерейтойымызды шаруашылықтың әр саласында лайықты табыстармен қарсы алып, мерекелік іс-шараларды мазмұнды да көркем етіп өткізу үшін ұйымымыздық танытайық!

Ежелден елге құт-береке сыйлаған нұрлы Нұра, керкейіп, гүлдене бер!

Нұрғайша Жағанқызы,

Тарауих намазының сауабы

Рамазан айында Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала әр күніне сауап береді екен. Бұл туралы пайғамбарымыздан хазірет Әли (р.а.) риуаят етіп айтты:

Бірінші күні Тарауих намазын оқыған адам анасынан туылғандай пәк болады.

Екінші күні Тарауих намазын оқыған адамның әке-шешесі мұсылман болған болса, олардың күнәлерін Алла тағала кешеді.

Үшінші күні Тарауих намазын оқыған адамға бір періште дауыс қылып ғамалын рия болмасын, нағыз Алла үшін істе. Алла тағала алдыңғы еткен күнәларыңды мағфират қылды, кешірді деп айтар.

Төртінші күні Тарауих намазын оқыған адам Таурат, Забур, Інжіл және құранның сауабын алады.

Бесінші күні Тарауих намазын оқыған адам Қағбаның ішінде, Пайғамбарымыздың мешіті, Масжидул әл-Ақсада намаз оқығандай сауап табады.

Алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адам Байтул Мағмурде, яғни періштелердің аспандағы Құбыласында төуеп еткен кісідей сауап табады және барлық тасттар, таулар, құмдар, ағаштар ол үшін зікір айтып тұрады.

Жетінші күні Тарауих намазын оқыған адам Ферғауынның және Хаманның (орынбасары) Кесалатынан Мұсаға (ғ.с.) жәрдем берген сияқты болады.

Сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адам Алла тағала Ибраһимға (ғ.с.) сауап бергендей сауапқа бөленеді.

Тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамның ғибадаты Пайғамбарымыздың қылған ғибадаты сияқты болады.

Оныншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала екі дүниенің жақсылығын насип қылады.

Он бірінші күні Тарауих намазын оқыған адам дүниеден анасының құрсағынан жаңа туылғандай болып өтеді.

Он екінші күні Тарауих намазын оқыған адам қияметте толған ай сияқты жарқырап келеді.

Он үшінші күні Тарауих намазын оқыған адам қияметтің барлық жамандығынан аман болады.

Он төртінші күні Тарауих намазын оқыған адамды періштелер келіп күзлік береді Тарауих намазын оқыған деп.

Он бесінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Арш және Құрсиді көтерген, яғни ұлық барлық періштелер салауат айтады.

Он алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала үкім қылады тозақтан аман қылып жаннатқа кіруіне

Он жетінші күні күні Тарауих намазын оқыған адамға сауап беріледі, яғни пайғамбарымыздың сауабы сияқты.

Он сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адамға бір періште дауыс қылып: Ей пенде, Аллла тағала әлбетте саған және әке-шешеңе риза болды дер.

Он тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Жаннати фир дауыс дережесін жоғары қылады.

Жиырма бесінші күні Тарауих намазын оқыған адамға шаһидтердің, саліхтардың сауабы сияқты беріледі.

Жиырма бірінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала жаннатың ішінен нұрдан үй салдырады.

Жиырма екінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Қиямет күнінде барлық екіншітерден аман алып қалады.

Жиырма үшінші күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала қырық жыл еткеннің сауабын береді.

Жиырма төртінші күні Тарауих намазын оқыған адамның дұғасын қабыл етеді.

Жиырма бесінші күні Тарауих намазын оқыған адамды көр азабына бермейді.

Жиырма алтыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға Алла тағала қырық жыл еткеннің сауабын береді.

Жиырма жетінші күні Тарауих намазын оқыған адам Сират көпірінен найзағайдың жарқ етіп өтер.

Жиырма сегізінші күні Тарауих намазын оқыған адамды Аллла тағала жаннатта дережесін көтереді.

Жиырма тоғызыншы күні Тарауих намазын оқыған адамға: Ей, пенде, жаннатың жемісінен же, салсабил суымен жуын, көусар суын іш, Мен сенің Раббыңмын, сен менің құлымсың – дер.

Құрметті мұсылман бауырлар!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Рамазан айы – үмбетімнің айы және кешірім айы-деді. Олай болса, білмей пендешілікпен істеген күнәларымызға Алла тағаладан кешірім сұрап, жалқаулық етпей құлшылықта болайық. Әмин!

Қасиетті рамазан айындағы ораза ұстау мен намаз оқу уақытының кестесі

Рамазан – адамдарға тұра жол нұсұққаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жол-басшы ретінде құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды. ауырлық түсіргісі келмейді.»

Қыркүйек айының реті	Апта күндері	Сәресі уақыты	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінші намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
1	Дүйсенбі	3.47	4.47	6.27	13.30	18.00	20.00	21.30
2	Сейсембі	3.49	4.49	6.29	13.30	17.58	19.58	21.30
3	Сәрсембі	3.50	4.50	6.30	13.30	17.56	19.56	21.30
4	Бейсембі	3.52	4.52	6.32	13.30	17.54	19.54	21.30
5	Жұма	3.53	4.53	6.33	13.30	17.51	19.51	21.30
6	Сенбі	3.55	4.55	6.35	13.30	17.49	19.49	21.30
7	Жексенбі	3.56	4.56	6.36	13.30	17.47	19.47	21.30
8	Дүйсенбі	3.58	4.58	6.38	13.30	17.45	19.45	21.30
9	Сейсембі	4.00	5.00	6.40	13.30	17.42	19.42	21.30
10	Сәрсембі	4.01	5.01	6.41	13.30	17.40	19.40	21.30
11	Бейсембі	4.03	5.03	6.43	13.30	17.38	19.38	21.30
12	Жұма	4.04	5.04	6.44	13.30	17.36	19.36	21.30
13	Сенбі	4.06	5.06	6.46	13.30	17.33	19.33	21.00
14	Жексенбі	4.07	5.07	6.47	13.30	17.31	19.31	21.00
15	Дүйсенбі	4.09	5.09	6.49	13.30	17.29	19.29	21.00
16	Сейсембі	4.11	5.11	6.51	13.30	17.27	19.27	21.00
17	Сәрсембі	4.12	5.12	6.52	13.30	17.25	19.24	21.00
18	Бейсембі	4.14	5.14	6.54	13.30	17.24	19.22	21.00
19	Жұма	4.15	5.15	6.55	13.30	17.22	19.20	21.00
20	Сенбі	4.17	5.17	6.57	13.30	17.20	19.17	21.00
21	Жексенбі	4.18	5.18	6.58	13.30	17.17	19.15	21.00
22	Дүйсенбі	4.20	5.20	7.00	13.30	17.15	19.13	21.00
23	Сейсембі	4.22	5.22	7.02	13.30	17.13	19.11	21.00
24	Сәрсембі	4.23	5.23	7.03	13.30	17.11	19.08	21.00
25	Бейсембі	4.25	5.25	7.05	13.30	17.08	19.06	21.00
26	Жұма	4.26	5.26	7.06	13.30	17.06	19.04	21.00
27	Сенбі	4.28	5.28	7.08	13.30	17.04	19.01	21.00
28	Жексенбі	4.30	5.30	7.10	13.30	17.01	18.59	21.00
29	Дүйсенбі	4.31	5.31	7.11	13.30	16.59	18.57	21.00

Ескерту:

- Биыл, 2008 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша қасиетті Рамазан айы 29 күн.
- Қыркүйек айының 26-нан 27- не қараған түн Ләйләтүл-Қадр, яғни қасиетті Қадір түні.
- Сәресі ішу таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылады.
- Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен ашуға болады
- Тарауих намазы құптан намазының парызынан кейін оқылады, ал үтір-уажип намазы ең соңында жамағатпен оқылады.
- Пітір –садақаны рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Қарағанды облысы бойынша 90 теңге.
- Қыркүйек айының 30 күні Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы 9.00 де.

Нұра орталық мешіті.

«Охотников и рыболовов»

В связи с тем, что произошло изменение в сроках начала осенней охоты, установленных Правительством РК от 11 сентября 2007 года № 792, началом охоты объявляется первая суббота сентября или 6 число 2008 года.

Просьба ко всем членам общества – заблаговременно оплатить членские взносы, приобрести путевки.

Обращается внимание, что в текущем году будет предьявляться повышенное внимание охране природы, экологии и соблюдению требований, предьявляемых по техницимуму и безопасности ведения охоты – строгому соблюдению зон, предназначенных для отдыха дичи на охраняемых водоемах, указанных на аншлагах озер: Шошкөл, Корпеш, Плотина шахтерская, ДСУ-58, Краукомыс, Арықты (Жа-

распай), Малай кудук (Энтузиаст), Саумалкөл, Жарлыгуль (Куланотпес), Жанакурлуский сор, Плотина Гуткөл.

Охота на сельхозгодиях производится в строгом соответствии с Законом «О земле». После каждой проведенной охоты на полях земля должна быть рекультивирована и пригодна для безопасного проведения сельхозработ. Сжигание соломы, травостоя и других растений, оставление после себя на полях пищевых отходов, бутылок, металлолома, загрязняющих природу – строго запрещены.

О.Пронин,
председатель Нуринаского
ОООиР

Санэпидемслужба предупреждает

Профилактика пищевых отравлений и острых кишечных инфекций

Ежегодный анализ инфекционной заболеваемости в Карагандинской области показывает, что в целом сохраняется сравнительно устойчивая эпидемиологическая обстановка. Однако имеются единичные случаи пищевых отравлений, инфекционных и профессиональных заболеваний, гельминтозов и некоторых других болезней, причиной которых служат неудовлетворительное санитарное состояние предприятий общественного питания и торговли, вследствие недостаточной гигиенической грамотности работников этих объектов.

Незнание сотрудниками торговли санитарных норм и правил приводит к тому, что через пищевые продукты передаются инфекционные заболевания, возникают пищевые отравления, которые в основном возникают от употребления в пищу продуктов, загрязненных микробами.

Торговлю овощами, зеленью, фруктами разрешается производить с открытых автомашин, повозок или из корзин, ящиков, мешков на специально выделенных участках. Тару необходимо установить на подставки или настилы, предохраняющие продукты от загрязнения землей. Торговля с земли категорически запрещается.

Настал сезон бахчевых культур, участились кишечные расстройства и отравления. При употреблении бахчевых культур необходимо соблюдать следующие меры предосторожности и правила личной гигиены:

- не приобретать бахчевые культуры вдоль автомобильных дорог,
- перед употреблением тщательно мыть арбузы и дыни с мылом и щеткой,
- не делать надрез на арбузе перед покупкой,
- оставшуюся от употребления часть арбуза хранить на холоде,
- при кишечном расстройстве, связанным с бахчевыми культурами, провести анализ крови и мочи на содержание метгемоглобина.

Так, на территории Нуринаского района на основании распоряжения УГСЭН КО от 26.06.2008 года за № 5-2-11/2243 проводится рейд по контролю за безопасностью реализации бахчевых культур. Проводится отбор проб бахчевых культур в лаборатории КОЦСЭЭ Нуринаского района. Всего отобрано 17 проб бахчевых культур и 150 проб растениеводческой продукции на остаточное содержание нитратов. С повышенным содержанием нитратов -2, реализация данных продуктов запрещена.

Несколько слов о хлебе. Поистине хлеб связывает прошлое, настоящее, будущее. Он велик тем, что нужен повседневно, и заменить

его нечем. «Любая пища преаедается, хлеб – никогда», так гласит народная мудрость. С наступлением теплого времени года не исключена возможность заражения хлеба «тягучей картофельной болезнью». Пораженный «тягучей картофельной болезнью» хлеб приобретает специфический неприятный запах, мякиш, становится липким, а в сильно пораженных местах тянется нитями. Хлеб, пораженный «тягучей картофельной болезнью» даже в самой незначительной степени, является опасным источником инфекции. Поэтому категорически запрещается его переработка и добавления в тесто в виде сахарной крошки или мочки.

При появлении «тягучей картофельной болезни» в печеном хлебе, последний должен быть немедленно удален из производства. Вопрос об использовании хлеба, пораженного данным заболеванием, на корм животным, в каждом отдельном случае решается органами ветеринарного надзора.

Хлеб, который не может быть использован для кормовых и технических целей, подлежит активированию или уничтожению путем сжигания или закапывания в землю на глубине не менее 1 метра, или другим способом, исключающим возможность использования хлеба домашним животным.

В торговой сети помещения, предназначенные для продажи хранения хлеба должны быть сухими, хорошо вентилируемыми, в теплое время года возможно с более низкой температурой.

Количество хлеба, завозимого для продажи в торговую сеть, не должно превышать дневной потребности предприятий. Транспортировка и хранение в торговой сети хлеба «навалом» категорически запрещается. Полки для хранения хлеба должны быть решетчатыми, по мере освобождения тщательно очищаться от остатков крошек хлеба и насухо протираться. Пораженный «тягучей картофельной болезнью» хлеб должен, немедленно удаляться из торговой сети и уничтожаться.

Все покупатели, чтобы избежать того или иного заболевания или пищевого отравления, также должны требовать выполнения продавцами санитарных требований, предъявляемых к работникам торговли и другим торговым лицам.

В.ДЕШКО,
специалист от дела УГСЭН КО
по Нуринаскому району

01 предупреждает

Будьте осторожны при пользовании газовыми приборами

Издавна считалось, что огонь - это друг человека, который дает тепло и жизнь. Со временем человек начал усовершенствовать способы добычи огня, используя для этого различные материалы природы. Наибольшее распространение получило использование таких предметов, как электроплита, электронагревательные приборы, паяльные лампы, газовые плиты и др. В эффективности таких приборов никто не сомневается, да, его можно легко подключить или зажать, удобно регулировать. Казалось бы нет никаких проблем, но в тоже время эти приборы бытового пользования представляют серьезную опасность в неумелых руках. При пренебрежении правил их пользования либо вследствие повреждения каких-либо узлов или деталей может произойти замыкание или утечка газа из приборов.

Так, в канун 8 марта 2002 г. вследствие утечки газа с газового прибора (шланги соединения газбаллона и газплиты) полностью сгорела столовая с. Ахметауылы. Аналогичный случай произошел в жилом доме у гр.Ж. п. Киевка, в котором несовершеннолетний Ж., 1985 г.р., не проверив наличия резинового уплотнения на клапане газбаллона соединил газовую плиту и зажег конфорку, в результате чего произошло возгорание газового баллона, благо газовая плита находилась на улице, что отело от необратимого последствия. Такой же случай произошел в жилом доме у гр. Д. п. Киевка по улице Сейфуллина, в 2007 году в

жилом доме с. Байтуган Нуринаского района у гр. Р. и др. домах п.Киевка.

В целях безопасности от пожаров следуйте простейшим правилам при пользовании газовыми и электроприборами. Прежде чем зажать газовую плиту - убедитесь в ее исправности или же других приборов. Не покупайте газовый баллон у случайных людей, проверьте наличие резинового уплотнителя на клапане газового баллона, исправность шланга газового прибора, поддерживайте состояние не менее 1 метра между самим баллоном и радиатором, не проверяйте утечку газа с помощью спички.

В случае обнаружения запаха газа категорически запрещается: включать свет, зажигать спички и др. электроприборы, следует немедленно проветрить комнату. Не покупайте газовые баллоны у случайных продавцов. Запрещается применять электроприборы кустарного изготовления. Оставляйте без присмотра электронагревательные приборы, применять на аппаратах защиты от короткого замыкания тугоплавкие вставки (отвертки, ложки, вилки толстые алюминиевые прова др.) Уходя из дома, проверьте: отключены ли от электросети все электроприборы - телевизор, утюг, магнитофон, кипятильник, чайник и др. От выполнения этих простых правил зависит благополучие в Вашем доме и доме Ваших близких людей.

Б.Исабеков,
главный специалист
ОПС Нуринаского района

Дорожная полиция информирует

В соответствии с графиком проведения Комитетами МВД РК оперативно-профилактических мероприятий и специальных операций на 3 квартал 2008 года, утвержденног Министерством внутренних дел от 27.06.2008 г. №56-3735 и протоколом заседания областной комиссии по безопасности дорожного движения при замесителе акима Карагандинской области от 14.08.2008 г, в целях предупреждения детского дорожно-транспортного травматизма. В период с 25 августа по 3 сентября 2008 года на территории Нуринаского района про-

водится декада «Внимание - дети!» В связи с чем просим общественность, СМИ участвовать в данном мероприятии. Водителям транспортных средств быть внимательными при передвижении на улицах прилегающих к общеобразовательным учреждениям соблюдать требования дорожных знаков, не превышать установленный скорость движения, быть внимательным к детям-пешеходам.

И.о начальника ОДП ОВД Нуринаского района майор полиции ДЮСЕКЕЕВ Ж.Ж.

Қарағанды облыстық телеарнаға 50 жыл

Ұмытылмас кездесулер

Қай қызметтің болмасын қыр-сыры мол болады ғой. Әсіресе, журналистер саласындағы жұмыстың қаншалықты қызығы мол болса да қиыншылығы мен жауапкершілігі де аз болмайды. Оның ішінде телевидение журналистерінің қыруар жұмыстарын ерекше айтуға болады. Өйткені, ондағы атқарылар жұмыстардың нәтижесі бір адамның ғана емес, бірнеше адамның бірігіп істеген іскерлігіне байланысты. Соңғы нүктесі сол ұжымның арқасында дайындалған телевизиялық хабардың көрерменнен оң бағасын алып жатса, одан асқан бақыт жоқ сияқты. Жұмыс бабымен талай адаммен жүздесіп, сұхбат-әңгіме құрасың, бірақ барлығы да бірдей есте қала бермейді. ал қайсы бірі есіңнен кетпейді.

1992 жылы қыркүйек айының алғашқы күндері еді. Күз айы болса да күннің ыстығы онша қайта қоймаған, жайма-шуақ кезі болатын. Облысымызға Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев жұмыс сапарымен келіп жатқан. Сол сапарды бастан-аяқ түсіріп, облыс жұртшылығына көрсету тек біздің еншімізде болатын. Алдын-ала жасалынған жұмыс кестесі бойынша (ол сапар кестесі ақмиятта бекітіледі) менің еншіме сол кездегі Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауданына қарасты «Победа» совхозында жанадан құрылған шаруа қожалығы тиген еді. Кәсіпкерлікпен енді айналыса бастаған шаруашылықтың орналасқан жері «Победа» совхозынан 1-2 шақыры жерде болатын. Дәлірек айтқанда, Кузнецк совхозына барар үлкен жолдың сол қанатында. Операторымыз арнайы білімі бар тәжірибелі Сәтбек Болатов деген жігіт. Ол келіктен түсе өз жұмысына кірісіп кетті. Жан-жақтан түсіріп жатыр. Президент аудан, облыс басшыларымен басқа да ресми адамдармен ұзақ әңгімелесті. Әңгіме соңынан Президент бастаған топ белектеу тұрған киіз үйге кіріп кетті. Ендігі міндетіміз үйден шыққан соң, Президенттен сұхбат алу. Ол кездегі сұхбатты жазу қазіргідей бейнекамераға емес, салмағы 15 кг-дай аспалы кассеталы радиоаппаратқа жазылатын. Оның жұмыс істеуі де өзгеше. Кассеталы дыбыс жазғыш тетік кинокамераға жалғанады да, басталарда оператордың бұйрығын тосасын. Дауыстың қалыпты жазылуын реттеп тұратын арнайы көрсеткіштер болады, бақылап реттеп тұрмасаң дауыс ырғағы бұзылып бүлінеді. Ондай сапасыз дыбысты ОТК дегендерін фирме жібермейді. Біз тас-түйін өзін түрдік. «р» қобалжуымыз. Бір кезде қонақтар киіз үйден шығып қайтуға бет алғанда, біз Президентке қарай жақындай бердік.

- Ассалаумағалейкум, Нұреке! – деп сәлем бердім. Ол кісі де бірден жылы шырай танытып: - О...о...Мәке, уағалейкумассалам! – деп қолымды алды. Сен осында істейді екенсің ғой. Дурыс-ақ! Сурақ қоясың ба? – деді.

- Иә, сұрағым бар, – дедім. - Онда қоя ғой, – деп сұрағымға жауап беруге дайын екендігін білдірді. Әрине, мен ауылшаруашылығында болып жатқан оң өзгерістермен, оның болашағына байланысты алдын ала дайындап қойған сұрақтарыма Елбасы тиянақты да, нақты жауап берді.

Жазылған дауыс сәтсіздіктерден аман екен. Сол қалпында түгелімен кешке эфирден өтті. Ал, енді Президенттің атымды атымай «Мәке» деп сәлем беруінің себебі мынада еді:

1968-1973 жылдары мен облыстық комсомол комитетінде қызмет атқарған болатынмын. Ал, Н.Назарбаев сол жылдары Теміртау қалалық комсомол комитетінің І-ші хатшысы болып

жұмыс істеді. Сол кездері қызмет бабымен талай рет кездесіп, әңгімелескенім, кейде телефон арқылы сөйлескенім есінде қалған болса керек. Арада қанша жылдар өтсе де мені танып, ұмытпағанына қатты риза болдым. Телеарнада бас-аяғы 20 жылға тарта жұмыс істедім. Жаңалықтарда редактор, басқа редакцияларда аға редактор, төрағаның экономика және өлеуметтік сала жөніндегі орынбасары, бас продюсер, коммерциялық «Шырақ» редакциясын ашып, оны басқардым. Нарық заманының талабына сай көрсетілген қызметтің бәрі ақылы, бәріне ақша төлеу керек. 90-шы жылдардың орта тұсында республикалық деңгейдегі «Қазақтелеком» АҚ-ның облыстағы телерадиохабарларын тарату орталығы эфирден өтетін хабарлардың әр сағатына ақша сұрайтын болды. Басқаша жұмыс істеудің мүмкін еместігін ескертті. Сол кездің өзінен-ақ біз тәулігіне 14 сағат эфирден жұмыс істейтін-біз. Ақшаға шақсаң қыруар теңге. Ендігі амал тек қана хабар тарату станциясын сатып алу. Сол кезден-ақ басқа да облыс телерадиокомпаниялары да осындай амалға көше бастаған еді. 1997 жылы біздің компанияның төрағасы болып Сәбит Байдалы келген болатын. Жаңа келген адам өлі ешкімді тани қоймайды. Ал, қол үшін беретін Республикалық телерадиокорпорацияның күш-қуаты да шамалы еді. Бір гана жол тұрды эфирден не шығасың, не шықпайсың. Бар салмақ өзімізге түсті. Амансыздан осындағы «Валют Транзит Банкісіне» жүгіндік, олар бізбен жұмыс істейтін. Беретін жарнама-хабарландырулардың есебінен 3 миллион теңге қарыз алып, келісімшартқа отырдық. Бір жарым жылдың орнына бір жылда өтеп шықты. Сөйтіп, бар ақшаны Новосібірдегі бір электр зауытына аударып, сатып алған хабарлар тарату станциясын өз мамандары келіп, шамалы уақыттың ішінде жүйелен қойып берді. Құрылған станциямен жұмыс істеу үшін «Қазақтелеком» АҚ-нан рұқсат құжат алу керек, онсыз болмайды. Қаңтар айында құрылған станциямыз мамырға дейін іске қосылмай тұрды. Әр жаққа айтқан, жазған тілектеріміз аяқсыз қалып жатты. Бір жапырақ қағаз жалғыз ғана «Қазақтелеком» АҚ-ның бастығының қолында тұрды. (Бірақ төлейтін ақшамызды өз табысымыздан телп жаттық, әрине өте ауыр уақыт болды). Мамыр айында мен Астанаға барып, сол кездегі мемлекет хатшысы Ә.Кекілбаевпен, республикалық тәртіп сақтау кеңесінің төрағасы О.Әбдікәрімовпен сұхбат-хабар дайындадым. Оларға жағдайды айтып, көмектесулерін сұрадым. Ертеңіне келсем станциямыз жұмыс істеп тұр. Ұжым қуанышында сол күні шек болмады. Айына 3 миллионнан асыра ақша тауып отырдық. Бұл табыс сол кездің ауыр тұрмысына айтарлықтай демеу болды. Бұл, әрине, менің гана еңбегім емес, өз істерінің мамандары Р.Искакова, Н.Архипова, Л.Серебрякова, Б.Момынова, М.Аяғанов, В.Бессуднов, В.Амочаев, В.Курилов т.б. адамдардың қосқан үлестері еді. Қандай қызметте болсаң да, өз орнында басқалар түйілмейтіндей, бойында бар адамгершілік қасиетіңмен адал қызмет өтсең, адами борышыңның орындалғаны емес пе? Елдің еңселі, мекеніміздің дәулетті болуына үлесімізді қоса білейік, ағайын!

МАРАТ ДҮЙСЕНБИН,
теледидар ардагері

Қарағанды облыстық телеарнасының жылнамасынан

- 31.08.1958 ж. Қарағанды телестудиясы шахтерлер күніне арналған кинобағдарламамен алғаш рет эфирге шықты.
- 04.10.1958 ж. Хабар жүйелі түрде (аптасына 4 рет – сәрсенбі, сенбі және 2 рет жексенбіде) таратыла бастады.
- 11.10.1958 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы жайлы алғашқы студиялық хабар эфирге берілді.
- 1958 ж. қазан Қарағанды облысын Ленин орденімен марапаттауға арналған мерекелік салтанатынан алғашқы кино түсірілді.
- 1959 ж. «Ірі планмен» атты алғашқы сатиралық тележурнал эфирге шықты.
- 1960 ж. «Рождение батыра» атты алғашқы хроникалық деректі фильм жасалды.
- 1961 ж. «Қарағанды» қонақ үйі құрылыс объектісінен алғашқы тәжірибелік сынақ бағдарламасы түсірілді.
- 1 Мамыр күніне арналған еңбекшілердің шеруінен ЖТС жүйесі арқылы алғаш бағдарлама жасалды.
- Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы бойынша қазақ тіліндегі алғашқы телеспектакль қойылды.
- 1962 ж. «События и люди», «Жаңалықтар» атты күнделікті ақпараттық бағдарламалар өмірге келді.
- 1963 ж. Қарағанды телеарнасының хабары Алматы қаласында алғаш рет көрсетілді.
- 1964 ж. Орталық телевизияға алғашқы шығу. «На дорогах семилетки» атты Қарағанды телеарнасының туындысы Мәскеуде және Киевте көрсетілді. «Совхоз называется «Киевский» атты телефильм КСРО мемлекеттік телерадиосының үш дипломымен марапатталды.

- 1965 ж. Орта Азия және Қазақстан телевизиялық фильмдерінің фестивалінде «Теңіз, біз әлі кездесеміз» атты фильм дипломға ие болды. Осы жылдан бастап Николаев, Попович, Волков, Терешкова және т.б. космонавтардың жерге қону сәтінен үздіксіз кинотүсірілімдер жүргізілді. Алғаш рет неміс тіліндегі телебағдарлама көрсетілді.
- 1967 ж. Телевизиялық фильмдердің екінші Бүкілодақтық фестивалінде «Үкен Тұрмағанбетов» және «Рекорд жаңғыртушылар» атты екі жұмыс көрсетілді.
- 1968 ж. Композитор Тәттімбеттің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Ғасыр үні» атты алғашқы түрлі-түсті телевизиялық фильм жасалды.
- «Восток» жүйесі бойынша Орталық телевидениенің алғашқы бағдарламалары қабылданды.
- 2006 ж. Қазақстан халықтары Ассамблеясы жариялаған республикалық байқауда «Сарыарқа - қолыбыз дружба» атты циклдық телехабар азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім тақырыбын ашқаны үшін екінші орынды жеңіп алды. Авторы – С.Васильева.
- Телеоператор Қ.Әлиев Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын «Байқағыштығы үшін» номинациясы бойынша иеленді.
- Таралым сапасын арттыратын күштілігі 3 кВт қабылдағыш орнатылды. Жаңа эфирлік аппараттық студиялық бөлім өндіріске енгізіліп, DVCAM форматындағы заманауи монтаж үстелі орнатылды.
- 2007 ж. Қарағандыда «Қазақстан» ұлттық арнасының 50 жылдығына орай Ақмола, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан облыстарының қатысуымен «Дидар» аймақтық телефестивалі өткізілді. Фестиваль әділқазылары Қарағанды телеарнасының жетістіктерін жоғары бағалады. Редактор С.Васильеваның «Телевидение – талант, призвание, успех» тақырыбындағы ток-шоуы «Теледидар – менің тағдырым» бөлімі бойынша жеңімпаз деп танылды. «Алтын аймақ адамдары» бөлімі бойынша редактор Б.Ыбыраеваның «Архивы будущего» деректі фильмі екінші орынды иемденді.

Есімде жүрген естеліктер.

1943 жыл еді. Соғыстың қызып жатқан шағы. Тездетілген әдіспен мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курсты бітірген мені Жаңақос ауданына бастауыш мектепке мұғалім қылып жіберді. Дәл осы жылы Алматыда көркемөнерпаздардың республикалық байқауы өтіп, өңді ретінде осы байқауда бақ сынаған мен жүлделі бірінші орынды жеңіп алдым. Осы байқауда алған бірінші орын менің бағымды ашты десе де болады. 1945 жылы Қарағанды радиокomiteтінің үлкен хорының көркемдік жетекшісі Борис Александрович Орловтың ұсынысы бойынша радиокomiteтінің сол кездегі төрағасы Жақан Рахымов мені Қарағанды радиосының солисі болып қабылданып деген бұйрық шығарды. Сөйтіп мен сол кездегі қазақтың атақты әншілері. Қазақ ССР-нің Халық әртістері Қали Байжанов, Жабай Тоғандықов (менің әкем) сондай-ақ Жаңыл Қартабаева, Алтын Әлиева сынды әйгілі әнші апаларым ән айтатын үлкен ұжымға мен де жеке дауыспен ән сапатын өнші болып қабылдандым.

1950 жылы аталмыш хор таратылып, жоғарыдағы аттары аталған әншілердің барлығы Қарағанды филармониясына ауысты. Маған жас балаларымды бағып екі-үш жылдай үйде отыруыма тура келді. 50-інші жылдардың орта кезінде радиокomiteтте Мәди Сәрсенбаев деген кісі төраға болып келді. Сол кісінің ұсынысымен мен екінші рет радионың солисі болып қабылдандым. Айына эфирге төрт-ақ рет шығатынмын. Өнді тікелей эфирде айтатын өдік. Бұл өте қатты жауапкершілікті талап ететін. Менің бағдарламамды тыңдарманға Майра Ахметова атты диктор хабарлайтын. Бұл жолы радиокomiteтте үш жылдай еңбек еттім. 1958 жылы Қарағанды телерадиокomiteті ашылып, жұбайым Қаратой Қайыпұлы маған телевидениеге баруға кеңес берді. Өзі радиокomiteттің қазақ бөлімінің бас редакторы еді. Телерадиокomiteттің тұңғыш төрағасы Қ Қасымжанов деген кісі сайланған екен. Кейін аталмыш мекемені ұзақ жылдар бойы басқарған Қали Аманбаев ол кезде төрағаның орынбасары еді. Мені Қалекен бірден режиссердің көмекшісі ретінде шатқа алды.

Тұңғыш режиссерімнің аты-жөні Евгений Александрович Штейнбрехт деген неміс азаматы еді. Ол кісі Мәскеудің Кіші театрында режиссерліктен дәріс берген тамаша білімдер адам болатын. Алғашқы ұстазым ретінде осы кісіні үнемі ілтипатпен еске аламын. Маған режиссерліктің қыр-сырын осы кісі жалықтастан үйретумен болды. Ол маған: «режиссерлік деген өте қиын мамандық. Оған Тәңір берген тұма талантпен қоса ынта жігер, есте сақтау қабілетінің күштілігі керек. Режиссер алдымен сахна өнерінің қыр-сырын терең білуі керек, сондай-ақ актер мүмкіншілігін сезуі қажет және бай фантазия иесі болуы шарт. Автордың идеясын қай қырынан, қандай формада іске асыра алады? Режиссер осы жұмбақтарды шеберлікпен шешіп, автор идеясын жүзеге асыра білуі керек» деуші еді. Ол кісінің жұбайы Клавдия Владимировна Богрова өзінің асисенті болып жұмыс істеді. Кейін К.В.Богрованың орнына мен асисент болып басқару пультіне отырдым. Әдеби-драма редакциясында мен ол кісіден сахна безендіруді, суретшімен жұмыс істеуді үйрендім. Штейнбрехтен кейін менің режиссерім Айтуған Салықов болды. Бірде Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунист» спектаклін қоятын болдық.

Раушан коммунист болып алғашқы дикторымыздың бірі – Галина Рахимова ойнайды. Ол кезде әр телеспектакльге арнайы көркем суретті киноүзінділер түсірілетін. Режиссерім Айтуған Салықов киноүзінділер түсіруге Балқашқа аттанып кетті. Маған майланбаған арбаның ойбайлап шикылдаған даусын, бозтарғайдың шырылдаған үнін, сарқырап аққан бұлақтың сылдырын іздеп табуға, сондай-ақ студияға екі киіз тігіп қоюымды бұйырды. Ол аздай бірнеше мылтық, қылыш, түрлі костюмдер, тағы да майда-шүйде заттарға тапсырыс беріп кетті. Әрине, мен асисент ретінде ол кісі іссапардан келгенше осы тапсырманың барлығын тап-түйнақтай қылып орындап қоямын. Егер де режиссер эфирге аяқ астынан шыға алмай, ауырып немесе басқадай жағдайға ұшырап қалғанда мен режиссер ретінде пультке отырып тізгінді қолға аламын. Ол кезде асисенттен осындай жауапкершіліктің барлығы талап етіледі. А Салықовпен жеті сегіз жыл жұмыс істеген соң, «Балалар және жастар» редакциясына ауыстым. Аталмыш редакцияда Құтпан Ералін деген режиссермен екі жылдай бірге істедім.

Алғашқы редакторымның аты жөні Ахмедия

Әлғожин еді. Қаламы жүйрік талантты журналист болуымен қатар ол жапп мәдениетті адам болатын. Манайындағы әріптестерінен ақыл кеңесін аямайтын, шығармашылық адамдарын терең түсінетін өте парасатты адам еді. Тағы да бір айтулы редакторымның бірі ретінде Тілеухан Жүсіповты айтар едім. Бұл кісі телевидениеде редактор, кейін бас редактор, студияның директоры да болған кісі. Кейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болып қызмет етті. Өте кішіпейіл, адамгершілігі мол адам еді. Сыртқы мәдениеті мен ішкі мәдениеті бірдей қабысқан осы аяулы азаматпен көптеген зауыт, фабрикаларға, өндіріс орындарына барып хабарлар жасадым. Қазақ музыкалық редакциясының редакторы болған Жәнібек Мұзафаровпен де үш жыл еңбек еттім. Кейін аталмыш редакция қысқартуға ұшырады. Кәмен Ахметов менің ең соңғы редакторларымның бірі. Ол «Көмірлі Қарағанды», «Партия тұрмысы» атты циклді хабарлар жасады. Ол хабарлардың жүргізушісі Сібір Кәрібеков деген азамат болатын.

